

Мүгедектер қатарындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға тәртібін және мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 5С-31/2-14 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 қазанда № 4388 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 тамыздағы № 6С-14/6-17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 22.08.2017 № 6С-14/6-17 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабына сәйкес, Ерейментау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу тәртібін белгілеу:

1) үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалар және оларға қатысты ата-аналары, ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың ата-анасының біреуіне және басқа заңды өкілдеріне отбасы кірісіне тәуелсіз беріледі;

2) шығындарды өтеу өтініш білдірген айдан бастап "Ақмола облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) шығындарды өтеу қаржыландырудың түсуіне байланысты өткен айға жүргізіледі. Шығындарды өтеу тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедектер қатарындағы кемтар баланың 18 жасқа толуы, қайтыс болуы,

мүгедектікті алып тастау), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

2. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындар мүгедектер қатарындағы кемтар әр балаға ай сайын үш айлық есептік көрсеткіш мөлшері белгіленсін.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау аудандық
мәслихаты сессиясының
төрағасы*

Р.Бестаев

*Ерейментау аудандық
мәслихатының
хатшысы*

Қ.Махметов

КЕЛІСІЛДІ

*Ерейментау ауданының
әкімі*

Е.Нұғыманов